ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

20 шілде 2023 жыл №2713-23-00-2/1440 Орал каласы

Батыс Қазақстан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья А.М.Кадырова
азаматтық істі оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қарап,

ТАЛАП КОЮШЫ:
«Жақсыбай ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Орал Геопроект» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 272-бабына (одан әрі-АК) сәйкес, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда - іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

АК-нің 616-бабына сәйкес, мердігерлік шарты бойынша бір тарап (мердігер) екінші тараптың (тапсырысшының) тапсырмасы бойынша белгілі бір жұмысты атқаруға және белгіленген мерзімде оның нәтижесін тапсырысшыға өткізуге міндеттенеді, ал тапсырысшы жұмыс нәтижесін қабылдап алуға және оған ақы төлеуге (жұмыстың бағасын төлеуге) міндеттенеді. Егер заң актілерінде немесе шартта өзгеше көзделмесе, жұмыс мердігердің тәуекелімен орындалады.

«Жақсыбай ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі (одан әрі - тапсырыс беруші, талап қоюшы, талапкер) және «Орал Геопроект» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (одан әрі - өнім беруші, жауапкер) арасында 2023 жылғы 17 сәуірде № 25 жалпы сомасы 1 487 500 теңге кеөлемінде құрылыспен байланысты емес жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалған (одан әрі - шарт).

Шарт талаптарына сәйкес, шартка қол қойғаннан кейін 30 күнтізбелік күн ішінде жауапкер қатты тұрмыстық қалдықтарды полигонының периметрі бойынша траншеяларды орнату және Жақсыбай ауылындағы полигон аумағынан тыс қоқыс жинайтын қақпаларды орнату жұмыстарын орындауды міндеттенген.

Тапсырыс беруші орындалған жұмыстарды қабылдауға және ақысын төлеуге міндеттенген.

Жауапкер шартта көрсетілген міндеттерін орындамаған.

Талап қоюшы өнім берушіні мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талабымен сотқа жүгініп, өнім берушінің шартта көзделген міндеттерін орындамағанын атап көрсеткен.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Заңының 12-бабы 4-бөлігінің 3-тармақшасына сәйкес, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі мемлекеттік сатып алу туралы өздерімен жасасқан шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Сот жауапкер шартпен көзделген жұмыстарды орындамағанын, сол себептен жауапкер тарапынан шарт талаптары бұзылғанын анықтады.

Жауапкер тарапынан анықталған мән-жайларды, талап қоюда көрсетілген уәждерді жоққа шығаратын немесе шартты орындамаудың дәлелді себептерін растайтын құжаттар сотқа табыс етілген жоқ.

Істің мұндай жағдайында, жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап арыз қанағаттандырылуға жатады.

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасының АПК-нің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Жақсыбай ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесінің «Орал Геопроект» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

«Орал Геопроект» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«Орал Геопроект» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж сомасы өндірілсін.

Құжатқа қол қойылған: Кадырова А. М., 10.08.2023

Заңды күшіне енген күні: 12.09.2023, судья Кадырова А. М., 01.11.2023

2713-23-3-1/1537

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Сот шешіміне осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат Батыс Қазақстан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Батыс Қазақстан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына берілуі мүмкін.

Судья **Кадырова А.М.**

Құжатқа қол қойылған: Кадырова А. М., 10.08.2023

Заңды күшіне енген күні: 12.09.2023, судья Кадырова А. М., 01.11.2023

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
Сот өндірісі
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»
Судопроизводство

2713-23-3-1/1537